

ВОПРОС ПРАВОВОГО РЕГУЛИРОВАНИЯ ТЕНЕВОЙ ЭКОНОМИКИ В ПЕРИОД ПАНДЕМИИ COVID-19

А. К. Турысбек

Университет Нархоз, Алматы, Республика Казахстан

АННОТАЦИЯ

Цель исследования – рассмотреть экономические, криминальные и криминологические аспекты обострения теневой экономики в условиях пандемии и выявить вопросы правового регулирования.

Методология. В статье используются методы структурно-систематического, статистического анализа, контент-анализа, что позволяет детально рассмотреть основные факторы, способствующие росту и развитию теневой экономики.

Оригинальность / ценность исследования заключается в том, что в статье делается вывод о стратегических направлениях борьбы с экономической преступностью во время и после пандемии, а также о борьбе с теневой экономикой.

Результаты исследования – в статье всесторонне рассмотрены основные виды теневой экономики. В сегодняшней сложной социально-экономической ситуации, вызванной распространением пандемии коронавируса, наблюдается стремительный рост интернет-банкинга, подделки медицинских лекарств и оборудования, кражи денег посредством кибермошенничества. Особое внимание было уделено тому, что организованные преступные группы используют нынешнюю ситуацию неопределенности для укрепления своего положения в обществе.

Ключевые слова: теневая экономика, экономические преступления, киберпреступность, кибермошенничество, пандемия.

АВТОР ТУРАЛЫ

Турысбек Айым Қанатқызы – магистр, Нархоз Университеті, Алматы, Қазақстан Республикасы, e-mail: aiym.turysbek@narхоз.kz

МРНТИ 11.25.40; 11.25.67

JEL Classification: F51, Q25

ОРТАЛЫҚ АЗИЯДАҒЫ ТРАНСШЕКАРАЛЫҚ ӨЗЕНДЕРДІ ПАЙДАЛАНУ МӘСЕЛЕСІ

М. О. Иембекова

Нархоз Университеті, Алматы, Қазақстан Республикасы

АҢДАТПА

Мақалада Орталық Азия аймағындағы трансшекаралық өзендерді пайдалануды реттеу мәселесі қарастырылған. Орталық Азия аймағында трансшекаралық өзендер баршылық, олардың ірісі – Әмудария мен Сырдария. Орталық Азия мемлекеттері тәуелсіздік алғаннан бері аймақтағы трансшекаралық өзендер суын өзара келісіп дұрыс пайдаланбағандықтан, Арал теңізінің суы тартылып, үлкен апатқа айналғаны белгілі. Осы уақытқа дейін аймақтағы су ресурстарын пайдаланудың нақты механизмі келісілген жоқ. Сондықтан аймақ елдері алдында тұрған өзекті мәселе осы трансшекаралық өзен суларын пайдалануды реттеу болып табылады. Қазіргі кезде барлық мемлекеттердің біріккен ортақ шешімі болмаса да, екі жақты келісімдер негізінде Аралды құтқарудың халықара-

лық қоры, БҰҰ-ның және басқа да ұйымдардың қатысуымен жағдай біртіндеп реттеліп келеді. Мәселені шешуге кедергі болып тұрған жағдай әр елдің өзінің ұлттық мүддесін жоғары қоюы болып табылады. Мақалада әрбір елдің осы мәселеге қатысты ұстанымы жан-жақты талданды. Осы мәселе бойынша өзара келісіп ортақ шешімге келмесе, аймақ елдерінде табиғи апаттар орын алатыны негізделді.

Түйін сөздер: Орталық Азия, трансшекаралық өзендер, Сырдария, Өмудария, су ресурстары.

КІРІСПЕ

Су тіршіліктің көзі деп ежелден айтып келе жатқандай, сусыз адамзат өмір сүре алмайтындығы белгілі. Су ресурстарын пайдаланудың құны күннен күнге артып келеді. Кейінгі кезде табиғатта болып жатқан үлкен өзгерістер, жер бетіндегі температураның деңгейінің көтерілуі, оның әсерінен тау мұздықтарының және мұхиттағы мұздықтардың ери бастауы, керісінше құрылықта едәуір территориялардың шөл және шөлейтке айналуы, орман-тоғайлардың құртылып, көлемінің азаюы – осының бәрі табиғи тепе-теңдіктің бұзылып, адамзаттың өмір сүруіне қауіп төндіретіндей жағдайға жеткенін көрсетеді. Әсіресе су ресурстарын тиімді пайдаланбау үлкен апатқа әкелері сөзсіз екенін көрсетеді. Дүние жүзі ғалымдары көптен бері осы мәселелер бойынша дабыл қағып, ғылыми дәлелдермен адамзатты табиғатың заңдарын бұзбай, оның байлығын үнемдеп, тиімді пайдалануға шақырып келеді. Біріккен Ұлттар Ұйымы (БҰҰ) да осы мәселелер бойынша мемлекеттерді қоршаған ортаны қорғау, климаттың өзгеруіне қарсы бірігіп күресу туралы форумдарға шақырып, мемлекеттерге әр түрлі міндеткерліктер жүктеп отырғаны осыған байланысты. Өзімізге белгілі БҰҰ 2005 жылдан бастап «тұрақты дамудың 17 қағидаты» бойынша жұмыс жасауға міндеттеп, осы бағытта табанды түрде қызмет етіп келеді.

Осы орайда бізді алаңдататын мәселе Орталық Азиядағы трансшекаралық өзендерді пайдалану жағдайы болып отыр. Өзімізге белгілі КСРО ыдырап, оның құрамындағы мемлекеттер тәуелсіздік алғанан бері аймақтық деңгейдегі маңызды, өзекті деген мәселелерді бірігіп шешу Орталық Азия мемлекеттері үшін біраз қиындықтар тудырып келеді. Бірігіп, ортақ келісіммен жұмыс жасамағанның салдарынан кезінде әлемде құрылықта орналасқан теңіздер арасында көлемі жағынан төртінші орынды

иеленіп келген Арал теңізінің жағдайы өте нашар. Өмудария өзенінің суын оның жағасында орналасқан мемлекеттер бұрып алып шаруашылық мақсатта кеңінен пайдаланып жатқандықтан, қазіргі кезде өзеннің суы Арал теңізіне жетпей қалған, осының салдарынан теңіз суы құрғап, аймаққа экологиялық апат төндіріп келеді. БҰҰ тарапынан бұл мәселе бақылауға алынып, арнайы «Арал теңізін халықаралық қоры» құрылғанмен, Орталық Азия мемлекеттерінің өз елдерінің ғана мүддесін ескеріп жүргізіп отырған саясаты бұл мәселені толыққанды шешуге кедергі болып отырғаны мәлім.

Аймақ территориясында орналасқан тау мұздықтарының көп мөлшерде еруі, климаттың өзгеруі, планетаның жылылық деңгейінің артуы, осыған байланысты шөл және шөлейтті жерлердің көбеюі, сонымен қатар Орталық Азия елдеріндегі туу деңгейінің ұлғаюы, халық санының көбеюі – осының бәрі аймақ елдерінің су ресурстарына деген сұранысының артуына алып келетіні сөзсіз. Орталық Азия аймағында қазіргі кезде 70 млн. адам мекендейді, эксперттердің болжамы бойынша 2050 жылға қарай аймақ елдерінің саны 94 млн. жетпек. Бұл дегеніміз күн артқан сайын Орталық Азия аймағы халықтарының су ресурсына сұранысы арта түсетіндігінің дәлелі.

Эксперттердің болжауы бойынша 2050 жылға қарай Памир, Тянь Шань тауларындағы мұздықтар 5 %-дан бастап -15 % дейін өзінің көлемін жоғалтуы мүмкін [1, 86 б.]. Осының бәрі болашақта аймақ елдерінің су ресурстарына зәру болып қалу қаупін төндіріп отыр. Мұның өзі БҰҰ белгілеген тұрақты даму үдерісіне үлкен кедергі келтіруі сөзсіз.

Осыған байланысты Орталық Азиядағы трансшекаралық өзендерді пайдалануды реттеу мәселесі күн тәртібінде тұрған өте өзекті мәселе екендігі сөзсіз. Бұл жағдайды аймақ елдері қазірден ортақ келісімге

келіп, өзара ынтымақтастық негізінде рет-темесе, оның арты үлкен дауға, қақтығыстарға әкелетіні анық.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Су ресурстарын тиімді әрі ортақ келісімдер бойынша пайдалану – Орталық Азия елдері алдында тұрған кезек күттірмес мәселе. Ендігі жерде аймақ елдері арасында трансшекаралық өзен суларын өзара келісіммен бірігіп пайдалануға не бөгет болып отыр, оның себебі қандай деген сұрақ туындауы орынды. Зерттеу барысында оның бірнеше себептері бар екендігі анықталды, енді солардың мәнін ашып көрсетуге тырысамыз.

Орталық Азия елдері территориясынан ағып өтетін трансшекаралық өзендердің ішіндегі ең ірісі – Әмудария мен Сырдария өзендері. Негізінен географиялық жағынан алып қарасақ, аймақтағы елдер ішінен, әсіресе, Өзбекстан мен Түркменстан су ресурстары қоры жағынан жағдайы басқаларға қарағанда нашар қамтылған. Бұл елдер территориясындағы су ресурстарының қорының 90 % сырттан келетін су көздерінен жиналады. Қазақстанның да жағдай керемет жақсы емес, елдің өз территориясындағы су қоры қажеттіліктің 56 % ғана қамтамасыз етеді, қалғанын мемлекет шеттен алуға мәжбүр. Аймақтағы су қорына бай елдер бұл Қырғызстан мен Тәжікстан. Себебі бұл елдердің территориясының басым көпшілігін шыңдарында алып мұздықтар орналасқан таулы аймақ алып жатқандықтан, аймақтағы басты өзендер осы таулардан бастау алып жазыққа қарай ағып өтеді.

Сарапшылардың айтуынша Тәжікстан аймағында Арал теңізіне құятын өзендердің 43,4 %-ы, Қырғызстанда 21,5 %-ы шоғырланған. Ал Қазақстанға 2,1 %, Өзбекстанға 9,6 %, Түркменстанға 1,2 % тиесілі [2].

Ендігі жерде КСРО кезеңінде белгілі бір тәртіппен осы трансшекаралық өзендер суын пайдаланып келген мемлекеттер арасында келіспеушілік неден туды деген сұрақ туындауы мүмкін.

Оның себебі, КСРО кезеңінде аймақтағы су ресурстарын пайдалану Одақ деңгейінде реттеліп, осы мәселеге байланысты келісімдер негізінде жүзеге асырылып

келді. Ол кездегі келісім бойынша Сырдария өзені бойында салынған Тоқтағұл ГЭС-і егін маусымы кезінде Өзбекстан мен Қазақстанға су бөліп тұрды, ал өз кезегінде Қазақстан мен Өзбекстан еш кедергісіз Қырғызстанды қажетті энергетикалық ресурстармен (мұнай, газ, көмір) қамтамасыз етіп отырды.

КСРО ыдырап, аймақ елдері тәуелсіздігін алған соң, мемлекеттер 1992 жылығы Ташкент келісімі бойынша су ресурстарын бұрынғы тәртіп бойынша пайдалануға келіскенмен, алғашқы жылдары барлық елдер экономикалық қиындыққа ұшырауына байланысты, біртіндеп әрбір мемлекет өз мүдделерін жоғары қоя бастады. Осының негізінде Қырғызстан және Тәжікстан елді қыс кезінде электр энергиясымен қамтамасыз ету үшін Өзбекстан мен Қазақстанның табиғи ресурстарын сатып алуға мәжбүр болды. Жыл өткен сайын бұл көмірсутегі ресурстарының да бағасы қымбаттай түсті, онсыз да экономикасы әлсіз Тәжікстан мен Қырғызстан сатып алған ресурстар үшін дер кезінде қаражатты төлеуге мүмкіндігі болмаған кездер орын алды.

Бұл жердегі бар мәселе мынада болып отыр, яғни өзінің халқын энергиямен қамтамасыз ету үшін, Қырғызстанға да, Тәжікстанға да жаз кезінде суды басқа елдерге бермей, өзіндегі су қоймаларында жинап, қыс кезінде оны энергия қуатын алу үшін ағызып пайдалану тиімді болып отырғандығында. Ал бұл жағдай өзендердің төменгі ағысында отырған Қазақстан мен Өзбекстан үшін аса тиімсіз, себебі олардың шаруашылығына су жазда керек, қыс кезіндегі аққан су шаруашылық жерлерді бүлдіріп, бүтіндей елді мекендерді су басып зиян келтіруде. Осыдан келіп аймақ мемлекеттері арасында түсініспеушілік туындап, әрбір мемлекет өзінің ұлттық мүддесі тұрғысынан әрекет етуде.

Сонымен бірге осындай келіспеушіліктер Түркменстан мен Өзбекстан арасында да орын алып отыр, Өзбекстан Түркменстанды Әмударияның суын көп мөлшерде пайдаланып отыр деп айыптаса, Қазақстан Өзбекстанды осындай мәселемен кінәлайды. Қырғызстан мен Тәжікстан ағыстың төменгі жағында орналасқан елдер су квотасын артығымен пайдаланады деп кінә қояды. Тіпті Өзбекстанның өз ішінде облы-

стар бір-бірін суды артық пайдаланады деп айыптауда.

Осындай мемлекеттер арасындағы келіспеушілік тәуелсіздігін алған соң бұл елдердің тек өздерінің ұлттық мүдделерін ойлап, сол бағытта ғана жұмыс жасауында болды. Тәжікстан мен Қырғызстанның, Өзбекстанның Сырдарияның, Өмударияның суларын аяусыз көп мөлшерде өз территорияларында пайдаланудан келіп Орталық Азиядағы ең үлкен апат Арал теңізінің жойылуы орын алды. Арал теңізінің табиғи және экологиялық апаты БҰҰ-ның аясында талқыланып, «Арал теңізін құтқарудың халықаралық қоры» құрылғанмен де, теңіздің жағдайы бұрынғы қалпына келе қойған жоқ. Осының өзі Орталық Азия елдері арасында су ресурстарын пайдалану мәселелесінде терең келіспеушілік жатқанын көрсетеді.

Орталық Азия мемлекеттері арасында трансшекаралық өзендер мәселесін шешу бірнеше рет қолға алынды. 1992 жылы Ташкент Декларациясына қол қойылды. Онда су ресурстарын пайдалануда әрекеттерді бірлесіп үйлестіру, өзара тең құқықпен міндеттерді жүзеге асыру, суды бөліп пайдалану, аймақтағы барлық халықтың мүдделерін ескере отырып суды пайдалануды әділ реттеу, жағымсыз салдары бар бір жақты әрекеттерді болдырмау туралы келіскен болатын.

Одан әрі 1992 жылы ақпан айында Алматыда аймақтың трансшекаралық су ресурстарын бірігіп басқару және пайдалану туралы Келісімге қол қойылды және Орталық Азияның Мемлекетаралық Координациялық су шаруашылығы комиссиясы (МКСК) құрылды. Одан басқа 1995 жылы Нукус Декларациясы, 1997 жылы Ашхабад, 1999 жылы Алматы және 2002 жылы Душанбе декларациялары қабылданды. Бұл құжаттарда Орталық Азия мемлекеттерінің басшылары трансшекаралық өзендер суын тиімді пайдалану, қорғау, Арал теңізі бассейніндегі экологиялық, әлеуметтік жағдайды жақсарту мәселелері бойынша өзара келісімге келді. Бұдан басқа үкіметаралық келісімдерге де қол қойылған.

1993 жылы Орталық Азия мемлекеттері «Арал және арал теңізіндегі проблемаларды шешу, қоршаған ортаны қалпына келтіру және Арал өңірінің әлеуметтік-экономикалық дамуын қамтамасыз ету

бойынша бірлескен іс-шаралар туралы» Келісімшартқа қол қойса, 1996 жылы Өзбекстан мен Түркменстан арасында «Су шаруашылығы мәселелері бойынша ынтымақтастық туралы» Келісімшартқа қол қойылды. 1998 жылы «Сырдарияның су-энергетикалық ресурстарын пайдалану туралы» Қазақстан, Қырғызстан және Өзбекстан арасында Келісімшарт бекітіліп, кейін оған Тәжікстан да қосылды [3].

Алайда өзара келісе отырып, қажетті құжаттарға қол қойылғанмен, бұл құжаттарда қол жеткізілген келісімдер жүзеге асқан жоқ. Оған себеп, тәуелсіздік алысымен, аймақ елдерінің тек қана өз мүдделерін ойлап өз бетінше әрекет жасауынан туындады. Мемлекеттер арасындағы су ресурстарын пайдаланудағы ең алғашқы келіспеушілік 1993 жылы Өзбекстанның Қырғызстанды қарыздарын төлемегені үшін газ ресурсын жекізуді тоқтатып тастағаны болды. Бұған жауап ретінде Қырғызстан қыс айында Тоқтағұл ГЭС-інен жиналған суды ағызып жіберуі болды, осының салдарынан Өзбекстанның шаруашылық жерлері су астында қалды [4, 97 б.].

Осы жағдай мемлекеттердің арасында біраз дау тудырып, мәселені тездетіп шешу қажеттігін тудырды. 1998 жылы Қазақстан, Қырғызстан, Өзбекстанның премьер-министрлері «Халықаралық су энергетикалық Консорциум туралы» Ереже қабылданған болатын. Бірақ эксперттердің кездесуінде консорциумды құру туралы құжаттарды талқылау барысында өзара келісім болмағандықтан бұл бағыттағы жұмыс тоқтап қалды.

Дегенмен аймақ елдері өз арасындағы трансшекаралық өзен суларын бірігіп пайдалану мәселесін екі жақты келісімдер негізінде шеше бастады. Өз кезегінде 2000 жылдан бастап Қазақстан мен Қырғызстан арасында Шу және Талас өзендерінің суын бірігіп пайдаланудың тәртібі белгіленген екі жақты Келісімге қол қойылған болатын. Ол бойынша арнайы екі жақты комиссия құрылып, жыл сайын пайдаланылатын судың мөлшері өлшеніп, соған байланысты суды пайдаланғаны үшін Қазақстанның қосатын үлесі белгіленіп отыратын болды.

Себебі кеңестер кезінде салынған суды реттеуші және суды тасымалдайтын құрылғылардың техникалық жағынан бәрі

ескірген, егер де олар бұзылатын болса, онда өзеннің төменгі ағысында орналасқан елді су басып қалу қаупі жоқ емес. Сондықтан мемлекетаралық гидротехникалық құрылғыларды пайдалануда әрбір елдің ортақ үлесі болуы керек. Сонда ғана су ресурстарын тиімді пайдалануға мүмкіндік туады.

Сонымен бірге Түркменстан мен Өзбекстан өз арасында Әмудария өзенін 1996 жылғы келісімшарт негізінде бірігіп пайдаланып келеді.

2006-2007 жылдары су ресурстарын ортақ пайдалану мәселесі бойынша жұмыс қайта жанданып, эксперттер деңгейінде келіссөздер жүргізілгенмен, ортақ бір шешімге келе алмағандықтан жұмыс тағы да тоқтап қалды.

Осы уақытқа дейін Қазақстан мен Өзбекстанның су мәселесіндегі жағдайы Қырғызстанның Тоқтағұл ГЭС-інің жұмысына байланысты болып келді. Осы мәселені реттеу үшін Қырғызстан Қамбарата ГЭС-і маңынан тағы да екі ГЭС салуға ұсыныс жасады. Егер бұл электр станциялары жұмыс жасайтын болса, онда олардың суы жазда Қазақстан мен Өзбекстанды егін суаруға қажетті су ресурсымен, ал қыста Қырғызстанды электр энергиясымен қамтамасыз етер еді. Бұл әрине, былай қарағанда барлық елдер үшін тиімді ұсыныс, дегенмен Қазақстан да, Өзбекстан да осы арқылы Қырғызстанға энергия жағынан тәуелді болып қалғысы келмейді [5, 102 б.].

Сондықтан бұл ұсынысқа екі ел аса құлшынбай, өз территорияларында су қоймалары жұмыстарын ұйымдастырып, энергияға деген сұранысын өздері қамтамасыз еткісі келеді. Қырғызстанның Қамбарата маңында тағы да электр станциясын салу ұсынысы басқа елдер тарапынан қолдау тауып, Ресей сияқты мемлекеттер өз ұсынысын жасап жатыр. Тек кейінгі кезде Қазақстан, мемлекет басына Ш. Мирзиеев келген соң Өзбекстан осы Қамбарата электр станицясын бірігіп салу жөнінде келіссөздер жүргізуде.

Дегенмен, бұл бағыттағы дипломатия өз жұмысын тоқтатқан жоқ. Әлі күнге дейін 1992 жылы құрылған Мемлекетаралық Координациялық су шаруашылығы комиссиясы (МКСК) және оның атқарушы органы ретінде құрылған бассейндік су

шаруашылығының бірлестігінің жұмысы одан әрі жалғасын табуда. Бұл органның мақсаты мемлекеттер арасында трансшекаралық су ресурстарын пайдалануға кеңес беру, мемлекеттердің осы бағыттағы жұмыстарын үйлестіріп отыру болып белгіленген болатын. Кейінгі кезде Қырғызстан мен Тәжікстан МКСК-ны су электр құрылыстарын салу және оның жұмысын жүзеге асыруға көмектесетін орган ретінде қабылдайды, ал Қазақстан мен Өзбекстан үшін бұл орган егіндікті суару ісінде тұрақты су бөлу ісін ұйымдастыратын бірлестік ретінде саналады.

Орталық Азия аймағындағы су ресурстарын ортақ пайдалану мәселесінің шешілуі болашақта осы мемлекеттердің арасында қақтығысты жағдайды тудыруы мүмкін. Сондықтан БҰҰ бастаған халықаралық ұйымдар осы жағдайды бақылауда ұстауда. Әсіресе АҚХҚ ның аясында көптеген жобалар жүзеге асырылуда. Сонымен бірге бұл мәселеге ЭСКАТО, ЮНЕСКО, ПРООН, Еуропалық Экономикалық Комиссия және Орталық Азияның аймақтық экологиялық орталығы (ОААЭО) өз үлестерін қосуда. 2018 жылы БҰҰ 2018-2028 жылдардағы онжылдықты «Су тұрақты даму кепілі» атты халықаралық онжылдықты жариялауы да осы мәселені қамтуға бағытталған.

Кейінгі кезде Еуропалық Одақ және ПРООН-ның ұйымдастыруымен 2001 жылдан бастап қызметін бастаған «Орталық Азияның аймақтық экологиялық орталығының» жұмысы жандана түсті. Орталықтың негізгі мәселесі аймақтағы қоршаған ортаны сақтау және тұрақты даму жағдайын қамтамасыз етуге көмектесу болып табылады. Осы мақсатта Орталық қазіргі кезде көптеген ғылыми жобалар бойынша жұмыс жасап, аймақ елдері арасындағы трансшекаралық өзендер ресурсын ортақ пайдаланудың механизмін қалыптасытру бағытында бірқатар жұмыстар атқаруда.

Орталықтың жүргізген зерттеу жұмыстарының нәтижесінде Орталық Азия елдері арасындағы шағын өзендер суларын ортақ пайдаланудың механизмін қалыптастыруға мүмкіндік туындауда. Атап айтқанда, Қырғызстан, Тәжікстан және Өзбекстан арасындағы Исфара өзені, Қазақстан мен Өзбекстан арасындағы Угам өзені және Қырғызстан мен Қазақстан арасындағы Ас-

пара өзендерінің әлеуеті зерттеліп, оларды пайдалануды ортақ реттеп отыру үшін жергілікті жерлерде арнайы кеңестер құрылды. Осының өзі біртіндеп болса аймақ елдері арасындағы су ресурстарын пайдалануды реттеуге қосқан үлкен үлес болып табылады [6, 45 б.].

Дегенмен, су көздерін пайдалану мақсатында аймақтағы әрбір мемлекет өз елдерінде су кодексін, заңдарын жасап шықты. Алайда бұл заңдардың бәрінде су ресурстары ұлттық меншік ретінде белгіленген. Онда тіпті трансшекаралық су ресурстары деген термин де көрсетілмеген.

Бұл туралы ресей зерттеушісі С. С. Жильцовтың айтуынша, Қазақстанның 2003 жылы шілде айында қабылдаған Су кодексінде (8-бап) мемлекеттің су ресурстарына ерекше жеке меншігі белгіленген. Осыған ұқсас ереже 1994 жылдың қаңтарында қабылданған «Су туралы» Қырғызстанның заңында (5-бап) да орын алады. Сонымен бірге 1993 жылы желтоқсанда қабылданған Тәжікстанның Су кодексі (4-бап) су ресурстарын мемлекеттің ерекше меншігі ретінде қарастырады. 1993 жылы мамырда қабылданған Өзбекстанның «Су және суды пайдалану туралы» Заңында да (3-бап) су ресурстары мемлекетке тиесілі екендігі көрсетілген. Осындай ұқсас ұстаным 1993 жылы маусымда қабылданған Түркменстанның да «Су кодексінде» көрініс тапқан [7, 10 б.].

Бұл Орталық Азия мемлекеттерінің әрқайсысының өзінің ұлттық мүдделерін жоғары қоятындығын көрсетеді және де осы жағдай су ресурстарын бірігіп пайдалану мәселесін ұзартып, қиындатып жіберіп отыр.

Бұл ретте Орталық Азия елдері үшін трансшекаралық өзендерді пайдаланудың әлемдік тәжірибесі үлгі боларлықтай екенін айтқымыз келеді. Жалпы трансшекаралық су ресурстарын пайдалану мәселесі бойынша халықаралық құжаттар да бар және Еуропа, Африка т.б. аймақтарда трансшекаралық су ресурстарын бірігіп пайдаланудың әлемдік тәжірибесі де қалыптасқан десе болады. БҰҰ 2003 жылғы «Water for People, water for Life» есебінде құрылықта ағып қтетін 263 трансшекаралық өзендердің 1/3 бөлігі екі және одан да көп мемлекеттердің шекарасынан ағып

өтеді, ал 19 бес және одан көп мемлекеттің территориясынан өтетін көрінеді. Мысалы, Еуропадағы Дунай өзені 18 мемлекеттің шекарасынан ағып өтеді [8, 33 б.].

Осы Дунай өзенін пайдалану тәжірибесі Орталық Азия елдеріне жақсы тәжірибе екендігі анық.

Аймақ елдерінің жеке ұстанымдары мен ұлттық мүдделеріне келетін болсақ, барлық елдер өз халықтарын энергиямен жеткілікті қамтамасыз етіп, экономикалық және энергетикалық тәуелсіздікке қол жеткізіп, қауіпсіздіктерін қамтамасыз еткісі келеді.

Су энергетикасына бай елдің бірі – Тәжікстанның таза табиғи электр энергиясын өндіруге мүмкіндігі бар және ол мүмкіндік жылына елді 95 % су электр энергиясымен қамтамасыз етуге жағдай жасай алады.

Ұзақ уақыт бойы Тәжікстан Рогун өзені бойында гидроэлектр станциясын салуға мүмкіндігі болмады. Оған себеп, біріншіден, күші өте қуатты тау өзенінде электр станциясын салу үшін өте мол қаражат керек болды, біраз уақыт бойы Тәжікстанның оған мүмкіншілігі болмады десе болады, екіншіден бұл электр станциясын салуға Өзбекстан айтарлықтай қарсылық білдірді. Себебі станция теңіз деңгейінен өте жоғары биіктікте орналасатын болғандықтан, қандай да бір табиғи немесе техникалық апат орын алған жағдайда оның су төменде жатқан Өзбекстан мен Қазақстан аймағын басып қалып апатқа ұшырататыны байқалды. Дегенмен Тәжікстан Рогун ГЭС-ін салудың барлық жобасын дайындап, кейін Өзбекстан басшылығында болған өзгерістерге байланысты Ш. Мирзиеевтың келуіне байланысты Өзбекстанмен келісе отырып, осы ГЭС құрылысын бастауға мүмкіндік алды. Осыған байланысты ГЭС құрылысы қарқынды жүргізіліп, 2018 жылы қараша айында Рогун ГЭС-інің бірінші агрегаты іске қосылды. Тәжікстан үшін бұл аса маңызды тарихи жағдай болды десе болады.

«Рогун ГЭС-і Вахш өзені бойындағы тоғызыншы электр станциясы болып табылады. ГЭС күші 600 МВттан тұратын 6 агрегаттан тұрады. Рогун ГЭС-інің биіктігі 335 метр, су қоймасының сиымдылығы 13,3 куб.м. және күш қуаты 3600 мегаватт (жылына 17 млрд. кВт/с)» [9, 93 б.].

Орталық Азиядағы күш қуаты, көлемі жағынан ең үлкен ГЭС. 2019 жылы оның екінші агрегаты жұмысқа қосылды. Әріне Рогун ГЭС-інің іске қосылғандығы тек қана Тәжікстан емес, сонымен бірге бүкіл Орталық Азия елдеріне пайда әкеледі деп күтілуде. Қазіргі кезде Тәжікстан су электр энергиясын Өзбекстан мен Ауғанстанға әрбір киловаттын 40 дирамнан (4 цент) өткізіп жатыр.

Түркменстан 2012 жылы БҰҰ-ның 1992 жылы Хельсинкиде қол қойылып, 1996 жылы күшіне енген «Траншекаралық сулар мен халықаралық көлдерді пайдалану және қорғау туралы» Конвенциясына қосылды.

Тәжікстанның энергетика және су ресурстары министрлігінің бас маманы М. Холиковтың айтуынша Тәжікстанның территориясының 93 %-ы басында кең көлемді мұздықтары бар биік таулардан тұрады және аймақтың су ресурстарының 60 %-ы осы жерден бастау алады. Кейінгі кезде климаттың өзгеруінің салдары осы мұздықтардың біртіндеп еріп, көлемінің азаюына алып келіп отыр. Тәжікстандағы 14 000 мұздықтың кейінгі отыз жыл ішінде 1 000-ға жуығы еріп жоқ болған [10, 119 б.].

Зерттеушілердің көпшілігі кейінгі кездегі климаттың өзгеруінен аймақтағы таулы жерлердегі мұздықтардың еруі күшейгені, оның өзі өзен суларының мөлшерінің азайып, кейбір жерлерде өзен суларының тартылып, ол жерлер шөлейтті аймақтарға айналғандығын баса көрсете отырып, осындай табиғи апаттарды болдырмас үшін аймақ елдері бір-бірімен келісе отырып, ортақ саясат жүргізуі қажеттігін негіздейді.

Қазақстан өз территориясында су ресурстарын пайдалану саясатына біраз өзгерістер енгізуде. Н. Назарбаевтың күш салуымен қазақстандықтар Кіші Аралды қалпына келтіріп, маусымдық су бөлуді реттеп отыру үшін Көксарай су қоймасын салу жұмысын аяқтады. Сонымен бірге Қазақстан жағы суды аз қажет ететін дәнді дақылдарды көбірек өсіруге және суды үнемдеуге негізделген суарудың жаңа технологиясын енгізуге басымдық беріп отыр.

Аймақтағы су ресурстары мәселесін шешу зерттеушілердің, ғылыми көпшіліктің де назарында. 2019 жылы Нұр-Сұлтан қаласында Орталық Азия мемлекеттерінің

эксперттері бас қосқан «Орталық Азияның су мәселесі бойынша диалог: ұлттық мүдделерден жалпы аймақтық деңгейге өту» атты екінші форумы өтті. Бірінші форум 2018 жылы Өзбекстанда өткізілген болатын. Форумды өткізуге ұйытқы болғандар Қазақстанның стратегиялық зерттеу институты (КИСИ) және БҰҰ-ның Орталық Азия үшін аймақтық алдын алу дипломатиясы орталығы (РЦПДЦА) болды. Форумның негізгі мақсаты аймақтағы су энергетикалық, экологиялық, туризм бағыттары бойынша ынтымақтастықты қамтамасыз етудің өзекті мәселелерін қарастыру және аймақ мемлекеттерінің осы салалардағы үкіметтері үшін ортақ стратегиялық тәсілдерді, практикалық ұсыныстар мен нұсқауларды әзірлеу болып табылды.

Форумда Өзбекстанның өкілі Н. Назаров атап өткендей: «энергетикалық тәуелсіздікке қол жеткізбей, экономиканың барлық салаларын арзан әрі экологиялық таза электр энергиясымен толық қамтамасыз етпей, республиканың тұрақты дамуын қамтамасыз ету мүмкін емес» [9, 91 б.].

Кейінгі кезде Орталық Азия мемлекеттері су ресурстарын үнемдеп пайдалану ісін де кеңінен қарастыруда. Суды егістік жерлерді суғаруға пайдалануда бұрынғыдай арықтар қазып жаппай су жіберіп суару емес, тамшылатып және жаңбырлатып суару, арықтағы су арықтың өзінің топырағына сіңіп кетпеу үшін арықтарды цементпен сылап пайдалану сияқты әдістерді жүзеге асыруда. Сонымен бірге су ресурстарын пайдалануды реттеуде бұрынғыдай әкімшілік территориялық бөліну емес, бассейндерге бөліп басқару әдістерін де өзара келісуде. Траншекаралық су ресурстары Сырдария және Өмудария бассейндері деп бөліп басқару біртіндеп жүзеге асырылуда.

Сонымен қатар Орталық Азия мемлекеттері кейінгі кезде аймақты электр энергиясымен қамтамасыз ету мәселесінде екі жақты келісімдер негізінде ынтымақтастықты дамытып келеді. Өзбекстан мен Тәжікстан Заравшан өзені бойынша қуаты 320 мвт. болатын екі ГЭС салуға келісіп отыр. Өзбекстан мен Қырғызстан арасында Қамбарата ГЭС-ін бірігіп салу жөнінде келісімдер жүргізілуде. Тәжікстан, Қырғызстан және Өзбекстан арасында Фархад

ГЭС-і мен Қасансай су қоймасын бірігіп пайдалану бойынша келісімдер бар [11].

Дегенмен, екі жақты дипломатиялық қатынастар бойынша бірқатар жұмыстар жанданғанмен, су ресурстарын бірыңғай, ортақ басқару механизмдері бойынша барлық мемлекеттер қатысып отырған келісімдер мен оларды жүзеге асыру механизмдері туралы ортақ уағдаластықтар жоқтың қасы.

ҚОРЫТЫНДЫ

Аймақтағы трансшекаралық өзен суларын пайдалануды реттеу бойынша әр түрлі ұсыныстар айтылып жатыр. Бұл мәселені реттеуде Қазақстанның бірінші Президенті Н. Назарбаев АҚХҚ-ның 2018 жылы тамыз айында Түркменияда өткен саммитінде мынадай ұсыныстар жасаған болатын:

1) Қордың нормативтік құқықтық және институтционалдық негіздерін жақсарту, жаңарта дамыту жұмыстарын жалғастыру;

2) Арал теңізі бассейнінің су ресурстарын бөлу, басқару жүйелерін бақылау, есепке алу және мониторинг жасау үдерісін цифрландыру мен автоматтандыруды қолға алу қажет;

3) су энергетикасы, егінді суару және экология мәселесінде барлық елдердің мүдделері ескерілуі үшін Орталық Азияның су энергетикалық ресурстарын кешенді пайдаланудың аймақтық тұрақты механизмін (су энергетикалық консорциум) қалыптастыру қажет [12, 25 б.].

Егер осындай уағдаластыққа қол жеткізілсе, онда аймақтағы су ресурстарын ортақ пайдаланудың механизмі қалыптасып, осы уақытқа дейін реттелмей келген мәселе бірқатар шешімін табар еді.

Жоғарыда айтылғандарды қорытындылай келе, трансшекаралық өзен суларын пайдалану мәселесінде Орталық Азия елдері арасында бірнеше келіспеушіліктер осы уақытқа дейін осы мәселені реттеуге кедергі болып отырғанын атап өтуге болады.

Біріншіден, Трансшекаралық өзендердің жоғарғы ағысында орналасқан елдер мен төменгі ағыста орналасқан елдердің мүдделерінің сәйкес келмей отырғандығы. Жоғарғы ағыс бойында орналасқан Тәжікстан мен Қырғызстан өздерін энергия көздерімен қамтамасыз ету үшін қыс кезінде су энергиясын көбірек өндіру-

ге мүдделі, ал мұның өзі су қоймаларынан қыс кезінде суды көбірек ағызуға алып келеді, бұл өзеннің төменгі ағысында орналасқан Қазақстан мен Өзбекстан үшін өте тиімсіз. Бұл елдерге осы су тек жаз айларында егістікті суаруға керек. Ал жаз айында Қырғызстан мен Тәжікстан, керісінше, қыста энергия өндіру үшін суды жинаймыз деген мақсатпен суды аз бөліп, Қазақстан мен Өзбекстанның ауыл шаруашылығына үлкен зардап әкеліп отыр.

Екіншіден, кейінгі кезде Қырғызстан мен Тәжікстан өз кезегінде Қазақстан мен Өзбекстанның су алғаны үшін төлем төлеуді талап етуде. Олар екі ел де суды ақысыз пайдалануда, сонымен бірге су қоймаларын, су электр станцияларын техникалық жағынан жаңартып жұмыс жағдайында ұстап тұруға кететін шығынды да өтеуге бұл елдер көмек көрсетуі керек деп талап қояды.

Үшіншіден, Тәжікстан мен Қырғызстан экономикалық дамуы жағынан Өзбекстан мен Қазақстанға қарағанда кейіндеу қалғандықтан өз елдерін территориясындағы мол қоры бар су энергиясын нарықтық мақсатта пайдаланып, сол арқылы экономикасын көтеруді алға қойып отыр. Тәжікстан Рогун ГЭС-ін салу арқылы өзіндегі мол су қорын елді энергиямен қамтамасыз етіп қана қоймай, көрші жатқан Ауғанстан мен Пәкстанға су энергиясын сату арқылы ел экономикасын көтеруді де көздеп отыр.

Төртіншіден, аймақ елдерінің көбіне өз ұлттық мүдделерін жоғары қойып, өзара келісімге келуге асықпауы және аймақтағы трансшекаралық су ресурстарын құқықтық жағынан тек қана өз мемлекетінің меншігі ретінде көріп, осы су ресурстарына халықаралық-құқықтық мәртебе беруге ұмтылмауында.

Бесіншіден, халықаралық ұйымдардың көмегімен қаншама жоба жүзеге асып жатқанымен, біртіндеп су ресурстарын пайдалану екі жақты келісімдер арқылы реттеліп келе жатқанмен, аймақтағы негізгі су ресурстарын пайдаланудың ортақ тетіктері, механизмін жасауға аймақ елдерінің ортақ келісімге келе алмауы.

Сонымен, Орталық Азиядағы су ресурстарын ортақ пайдалану мәселесін шешуде ең алдымен халықаралық құқықтың барлығына ортақ нормативтік актілері

басшылыққа алынуы қажет деп білеміз, екіншіден, трансшекаралық өзендер суын пайдалануда әлемдік тәжірибе ескерілуі керек, үшіншіден, Орталық Азияның барлық елдерінің мүдделері үйлестірілуі қажет, төртіншіден, бұл іске халықаралық ұйымдар, әсіресе БҰҰ қолдау көрсетуін одан әрі жалғастыруы өте маңызды.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Кучкаров Ш. Вопросы водно энергетического взаимодействие стран ЦА // Диалог по водным вопросам в ЦА: через национальное к общерегиональному. Материалы второго Центральноазиатского экспертного форума (ЦАЭФ). / Под общ.ред. З. К. Шаукеновой. – Нур-Султан: КИСИ при Первом Президенте РК, 2019. – С. 84-91.

2. Орта Азияда су үшін соғыс болуы мүмкін бе? [Электронды ресурс]. // 7kun.kz [web-сайт]. – 2015. – URL: <https://7kun.kz/orta-aziyada-su-shin-so-ys-boluy-m-mkin-be/21.10.2015> (қарау уақыты: 13.11.2020).

3. Маматканов Д. М., Бажанова Л. В. Трансграничные водные ресурсы Центральной Азии и проблемы эффективного использования. // Трансграничные водные и экологические проблемы Сибири и Центральной Азии. – 2019. – С. 67-79. – URL: <http://ecogofond.kz/wp-content/uploads/2019/07/CA.D.236-Transgranichnye-vodnye-resursy-Centralnoj-Azii-i-problemy-jeffektivnogo-ispolzovaniya> (қарау уақыты: 13.11.2020).

4. Жильцов С. С., Бименова А. Политика стран Центральной Азии в области использования водных ресурсов трансграничных рек. // Центральная Азия и Кавказ. – 2015. – № 1(18). – С. 90-100.

5. Хуррамов Х. Х. Политический аспект водно-энергетических проблем Центральной Азии. // Проблемы постсоветского пространства. – 2015. – № 4. – С. 100-108.

6. Тажибаева Б. Т. Мониторинг позиции стран Центральной Азии по использованию трансграничных водных ресурсов. // Водные ресурсы. – 2018. – № 8 (175). – С. 43-48.

7. Жильцов С. С. Политика стран Центральной Азии: водно-энергетический аспект // Вестник РУДН. Серия Политология. – 2016. – №3. – С. 7-18.

8. Лебедева М. М. Современные глобальные проблемы мировой политики. – М.:Аспект Пресс, 2009. – 256 с.

9. Назаров Н. Гидроэнергетические возможности Таджикистана во благо Центральной Азии. // Диалог по водным вопросам в ЦА: через национальное к общерегиональному. Материалы второго Центральноазиатского экспертного форума (ЦАЭФ). / Под общ.ред. З. К. Шаукеновой. – Нур-Султан: КИСИ при Первом Президенте РК, 2019. – С. 91-96.

10. Холиков М. Проблемы управления водными ресурсами в Центральной Азии. // Диалог по водным вопросам в ЦА: через национальное к общерегиональному. Материалы второго Центральноазиатского экспертного форума (ЦАЭФ). / Под общ.ред. З. К. Шаукеновой. – Нур-Султан: КИСИ при Первом Президенте РК, 2019. – С. 118-123.

11. Аламанов С. К. Трансграничные водные ресурсы Киргизии [Электронды ресурс]. – 2016. – С. 5-28. – URL: <https://www.postsovietarea.com/jour/article/viewFile/85/86> (қарау уақыты: 13.11.2020).

12. Бозжигитов А. Речь на форуме. // Диалог по водным вопросам в ЦА: через национальное к общерегиональному. Материалы второго Центральноазиатского экспертного форума (ЦАЭФ). / Под общ.ред. З. К. Шаукеновой. – Нур-Султан: КИСИ при Первом Президенте РК, 2019. – С. 24-27.

REFERENCES

1. Kuchkarov Sh. (2019), "Voprosy vodno energeticheskogo vzajmodejstvie stran CA", *Dialog po vodnym voprosam v CA: cherez nacional'noe k obshcheregional'nomu. Materialy vtorogo Central'noaziatskogo ekspertnogo foruma (CAEF)*, Nur-Sultan, P. 84-91 (In Russian).

2. "Orta Aziyada su yshin sofs boluy mymkin be?" (2015), available at: <https://7kun.kz/orta-aziyada-su-shin-so-ys-boluy-m-mkin-be/21.10.2015> (accessed: November 13, 2020) (In Kazakh).

3. Mamatkanov D. M. & Bazhanova, L. V. (2019), "Transgranichnye vodnye resursy Central'noj Azii i problemy jeffektivnogo ispol'zovaniya", *Transgranichnye vodnye i ekologicheskie problemy Sibiri i Central'noj*

Azii, P. 67-79, available at: <http://ecogofond.kz/wp-content/uploads/2019/07/CA.D.236-Transgranichnye-vodnye-resursy-Centralnoj-Azii-i-problemy-jeffektivnogo-ispolzovaniya> (accessed: November 13, 2020) (In Russian).

4. Zhil'cov S. S. & Bimenova, A. (2015), "Politika stran Central'noj Azii v oblasti ispol'zovaniya vodnyh resursov transgranichnyh rek", *Central'naya Aziya i Kavkaz*, No. 1(18), P. 90-100 (In Russian).

5. Hurramov H. H. (2015), "Politicheskij aspekt vodno-energeticheskikh problem Central'noj Azii", *Problemy postsovetskogo prostranstva*, No. 4, P. 100-108.

6. Tazhibaeva B. T. (2018), "Monitoring pozicii stran Central'noj Azii po ispol'zovaniyu transgranichnyh vodnyh resursov", *Vodnye resursy*, No. 8(175), P. 43-48 (In Russian).

7. Zhil'cov S. S. (2016), "Politika stran Central'noj Azii: vodno-energeticheskij aspekt", *Vestnik RUDN. Seriya Politologiya*, No. 3, P. 7-18 (In Russian).

8. Lebedeva M. M. (2009), "Sovremennye global'nye problemy mirovoj politiki", Aspekt Press, Moscow, 256 p. (In Russian).

9. Nazarov N. (2019), "Gidroenergeticheskie vozmozhnosti Tadzhikistana vo blago Central'noj Azii", *Dialog po vodnym voprosam v CA: cherez nacional'noe k obshcheregional'nomu. Materialy vtorogo Central'noaziatskogo ekspertnogo foruma (CAEF)*, Nur-Sultan, P. 91-96 (In Russian).

10. Holikov M. (2019), "Problemy upravleniya vodnymi resursami v Central'noj Azii", *Dialog po vodnym voprosam v CA: cherez nacional'noe k obshcheregional'nomu. Materialy vtorogo Central'noaziatskogo ekspertnogo foruma (CAEF)*, Nur-Sultan, P. 118-123 (In Russian).

11. Alamanov S. K. (2016), "Transgranichnye vodnye resursy Kirgizii", P. 5-28, available at: <https://www.postsovietarea.com/jour/article/viewFile/85/86> (accessed: November 13, 2020) (In Russian).

12. Bozzhigitov A. (2019), "Rech' na forumе", *Dialog po vodnym voprosam v CA: cherez nacional'noe k obshcheregional'nomu. Materialy vtorogo Central'noaziatskogo ekspertnogo foruma (CAEF)*, Nur-Sultan, P. 24-27 (In Russian).

PROBLEMS OF USING TRANSNATIONAL RIVERS IN CENTRAL ASIA

M. O. Iembekova

Narxoz University, Almaty, Republic of Kazakhstan

ABSTRACT

The article deals with the problems of regulation of transboundary rivers in Central Asia. In this region, there are cross-border rivers, the largest of which are the Amu Darya and Syr Darya. It is known that since the independence of the Central Asian states, due to the improper use of transboundary rivers in the region, most of the Aral Sea has dried up, which led to a catastrophe. To date, a clear mechanism for the use of water resources in the region has not been agreed upon. Therefore, the key problem facing the countries of the region is the joint regulation of the use of water resources of transboundary rivers. At present, the situation is gradually being resolved on the basis of bilateral agreements, with the participation of the International Fund for Saving the Aral Sea, the UN and other organizations, although this is not a joint decision of all states. The obstacle to solving the problem is that each country puts its own national interests first. The article comprehensively analyzes the position of each country on this issue. It is proved that if there is no consensus on this issue, natural disasters will inevitably occur in the countries of the region.

Keywords: Central Asia, transboundary rivers, Syr Darya, Amu Darya, water resources.

ПРОБЛЕМЫ ИСПОЛЬЗОВАНИЯ ТРАНСНАЦИОНАЛЬНЫХ РЕК В ЦЕНТРАЛЬНОЙ АЗИИ

М. О. Иембекова

Университ Нархоз, Алматы, Республика Казахстан

АННОТАЦИЯ

В статье рассматриваются проблемы регулирования трансграничных рек Центральной Азии. В данном регионе протекают трансграничные реки, крупнейшими из которых являются Амударья и Сырдарья. Известно, что с момента обретения независимости государствами Центральной Азии из-за неправильного использования трансграничных рек в регионе произошло высыхание большей части Аральского моря, что привело к катастрофе. На сегодняшний день, не согласован четкий механизм использования водных ресурсов региона. Поэтому ключевой проблемой, стоящей перед странами региона, является совместное регулирование использования водных ресурсов трансграничных рек. В настоящее время ситуация постепенно разрешается на основе двусторонних соглашений, с участием Международного фонда спасения Арала, ООН и других организаций, хотя это не является совместным решением всех государств. Препятствием к решению проблемы является то, что каждая страна ставит на первое место собственные национальные интересы. В статье всесторонне анализируется позиция каждой страны по данному вопросу. Обосновано, что в случае если по данному вопросу не будет достигнут консенсус, то в странах региона неизбежно произойдут природные катастрофы.

Ключевые слова: Центральная Азия, трансграничные реки, Сырдарья, Амударья, водные ресурсы.

АВТОР ТУРАЛЫ

Иембекова Майра Ораққызы – тарих ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, Нархоз Университеті, Алматы, Қазақстан Республикасы, email: maira.iembekova@narxoz.kz